

**Қолданыстағы заңнаманы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлігінде жетілдіру мәселелері жөнінде ведомствоаралық комиссия құру туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 наурыздағы N 193 қаулысы. Қүші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 сәуірдегі № 329 қаулысымен

**Ескерту. Қүші жойылды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.**

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы курес жөніндегі заңнаманы жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Қолданыстағы заңнаманы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлігінде жетілдіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын.
2. Қоса беріліп отырған Комиссия туралы ереже бекітілсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының**

***Премьер-Министрі***

**Қазақстан**

**Республикасы**

**Үкіметінің**

**2007**

**жылғы**

**14**

**наурыздады**

**N 193**

**қаулысына**

**қосымша**

**Қолданыстағы заңнаманы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлігінде жетілдіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы**

**Ескерту. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.04.18 N 309, 2007.10.05 N 905, 2008.04.07 N 323, 2008.06.16 N 587, 2008.12.24 N 1248, 2009.05.15. N 728, 2009.10.29 N 1707, 2010.06.23 N 632, 2011.05.30 N 600 Қаулыларымен.**

**Тұсіпбеков**

- Қазақстан Республикасының Әділет

**Рашид Төлеутайұлы**

министрі, төраға

**Құсдәулетов**

- Қазақстан Республикасының Әділет

**Дұлат Рашиұлы**

вице-министрі, төрағаның орынбасары

Бұсурманов Жұмабек Дүйсешұлы	- «Қазақстан Республикасының Заң шығару институты» мемлекеттік мекемесінің директоры, заң ғылымдарының докторы, Заң ғылымдары академиясының академигі, хатшы
Ақылбай Серік Байсейітұлы (келісім бойынша)	- Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты
Абайділдин Талғатбек Жәмшитұлы	- Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша)
Турецкий Николай Николаевич	- Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)
Ищенов Қайрат Қыдырбайұлы	- Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты, Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы (келісім бойынша)
Рахманбердиев Орынбай	- Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі
Бөрібаев Асқар Исмайылұлы	- Қазақстан Республикасының Мәдениет вице-министрі
Көмекбаев Әли Амантайұлы	- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының орынбасары
Тәжияқов Бисенгали Шамғалиұлы	- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары
Мәуленов Ғазиз Сырбайұлы	- Қазақ гуманитарлық заң университеті қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының менгерушісі, заң ғылымдарының докторы, профессор
Кравченко Андрей Николаевич	- Қазақстан Республикасы Бас прокуратуrasesи Мемлекеттік органдар қызметіндегі заңдылықты қадағалау департаментінің бастығы
Жалмағамбетова Светлана Жақиянқызы	- Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша)
Аман Евгений Иосифович	- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жауапты хатшысы
Сарыбеков Махметғали Нұрғалиұлы	- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі

Құдайбергенов Ескендер Көбосынұлы	- Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары
Ескендеров Абай Мұқашұлы	- Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда вице-министрі
Дәленов Руслан Ерболатұлы	- Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі
Үкібаев Ермек Елеуханұлы	- Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы Қолбасшысының бірінші орынбасары (келісім бойынша)
Тәжіяқов Бисенғали Шамғалиұлы	- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
Әбсеметов Дінмұхамед Бақытжанұлы	- «Атамекен» Одағы» Қазақстанның ұлттық экономикалық палатасы заң департаментінің директоры (келісім бойынша)
Лукин Андрей Иванович	- Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыйайлас жемқорлыққа қарсы құрес агенттігі (қаржы полициясы) төрағасының орынбасары, төрағаның орынбасары (келісім бойынша)
Темірболатов Серік Габдоллаұлы	- Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)
Тұрмағамбетов Мәжит Әbdіхалықұлы	- Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі
Мизанбаев Өсер Елеусізұлы	- Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының бірінші орынбасары (келісім бойынша)
Нұрымбетов Біржан Бидайбекұлы	- Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі
Дәүлеталин Сатыбалды Телағысұлы	- Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Аппарат Басшысының орынбасары (келісім бойынша)
Рахметов Саттар Мұқанұлы	- Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыйайлас жемқорлыққа қарсы құрес агенттігі (қаржы полициясы) Қаржы полициясы академиясының Ғылыми-зерттеу

орталығы және адъюнктура бастыры, заң  
ғылымдарының докторы, профессор  
(келісім бойынша)

Баймаханов - "Қазақ гуманитарлық заң университеті"  
Мұрат Тәжімуратұлы акционерлік қоғамы Ғылыми сараптама және  
талдау институтының директоры, заң  
ғылымдарының докторы, профессор,  
Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым  
академиясының академигі (келісім бойынша)

Бабушкин - Қазақстан Республикасы Жоғарғы  
Михаил Федорович Сотының судьясы (отставкада)  
(келісім бойынша)

Сәрсенов - Қазақстан Республикасының Байланыс  
Сәкен Сейітжаппарұлы және ақпарат вице-министрі

Әбдібеков - Қазақстан Республикасының Индустрія  
Нұрмұхамбет Қанапияұлы және жаңа технологиялар вице-министрі

Дүйсембаев - Қазақстан Республикасының Көлік және  
Еркін Сейдеғалиұлы коммуникация вице-министрі

Әшитов - "Нұр Отан" халықтық демократиялық  
Батыржан Зайырқанұлы партиясы Партиялық бақылау комитетінің  
инспекторы (келісім бойынша)

Құрманғалиев - Қазақстан Республикасы Қорғаныс  
Әсет Қабиұлы министрінің орынбасары

Күреңбеков - Қазақстан Республикасы Ішкі істер  
Амантай Жәнкеұлы министрінің орынбасары

Қазақстан Республикасы

Ү к і м е т і н ің

2007 жылғы 14 наурыздады

N 193 қаулысымен  
бекітілген

**Қолданыстағы заңнаманы сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл  
бөлігінде жетілдіру мәселелері жөнінде ведомствоаралық комиссия құру  
туралы**

### **Ереже 1. Жалпы ережелер**

1. Қолданыстағы заңнаманы сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл  
бөлігінде жетілдіру мәселелері жөнінде ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі -

Комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

## **2. Комиссияның міндеттері мен құқықтары**

3. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) сыйбайлар жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жағдай туғызатын нормалардың болу мәніне қолданыстағы заңнаманы талдауды қарau  
қ о р ы т ы н д ы л а р ы б о й ы н ш а ;

2) қолданыстағы заңнамаға сыйбайлар жемқорлыққа қары іс-қимыл бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

4. Θз міндеттеріне сәйкес Комиссияның:

1) Комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл ж а с а у ғ а ;

2) Комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының және ұйымдарының өкілдерін шақыруға және т ы ң д а у ғ а ;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік және басқа да ұйымдардан Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды сұратуға және алуға құқығы бар.

## **3. Комиссияның қызметін ұйымдастыру**

5. Комиссияның төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, отырыстарына төрағалық етеді, жұмысын жоспарлайды, шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады. Төраға болмаған уақытта оның функциясын орынбасары атқарады.

6. Комиссияның жұмыс органды Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі болып табылады.

7. Жұмысты ұйымдастыруды, тиісті құжаттарды, материалдарды дайындауды және Комиссияның отырысынан кейін хаттаманы ресімдеуді Комиссияның х а т ш ы с ы ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Комиссия отырыстарының материалдары Комиссия отырысын өткізуге дейін кемінде 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Комиссия мүшелеріне жібереді.

8. Комиссия отырысы күнтізбелік жылғы айдың үшінші дүйсенбісінде, қажет болған кезде Комиссия төрағасы белгілейтін өзге де күндерде өткізіледі. Комиссияның отырысы Комиссия мүшелерінің жалпы санынан кемінде жартысы қатысқан кезде заңды деп есептеледі.

9. Отырыстардың күн тәртібі, сондай-ақ олардың өтетін орны мен уақытын Комиссия мүшелерінің келісімі бойынша Комиссия төрағасы белгілейді және нақтылайды.

10. Комиссияның шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер олар үшін Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі, Комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді және ұсынымдық сипатта болады. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Комиссия мүшелерінің ерекше пікірге құқығы бар, оны білдірген жағдайда, жазбаша түрде жазылуы және Комиссияның хаттамасына қоса берілуі тиіс.

11. Комиссия өз қызметін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде тоқтатады.